Сын есімге тапсырма

1-жаттығу. Мына сөздерге -сыз/сіз жұрнағының тиісті формасын жалғаңыз және орыс тіліне аударыңыз.

сыз/-сіз Образуют отрицательные прилагательные	Бұлт «облако» Су «вода» Тіс «зуб»	Бұлт-сыз «безоблачный» Су-сыз «безводный» Тіс-сіз «беззубный»

Тіл, дәм, бұлт, ақша, жел, мұрт, білім, ақыл, білім, сүт, су, ар, жүрек, әл, күш.

2-жаттығу. Мына сөздерге –қы/-кі,-ғы/-гі жұрнағының тиісті формасын жалғаңыз және орыс тіліне аударыңыз.

-қы/-кі,-ғы/-гі Указывает на отношения во времени	Күз «осень» Жаз «лето» Қыс «зима» Көктем «весна»	Күз-гі «осенний» Жаз-ғы «летний» Қыс-қы «зимний» Көктем-гі «весенний»

Таң, кеш, көктем, жаз, кеше, бүгін, ертең, таңертең, іш, сырт, қазір, түс, соң, төмен, бұрын.

3-жаттығу. Оқыңыз және сын есімдердің жасалу тәсілін көрсетіңіз.

1. Бай - бір жұттық, батыр - бір оқтық. 2. Ойлы, арлы адамға бір сөз де жетеді, ойсыз, арсыз адамға мың сөз де жетпейді. 3. Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас. 4.Отансыз адам - ормансыз бұлбұл. 5. Бейнетсіз рақат жоқ. 6. Еңбек ерлікке жеткізер, ерлік елдікке жеткізер. 7. Жүйелді сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар. 8. Тіл буынсыз, ой түпсіз. 9. Үндемеген үйдей пәледен құтылады. 10. Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ. 11. Білімді өлсе. Қағазда аты қалар, ұста өлсе, істеген заты қалар. 12. Өнерлі өрге жүзеді. 13. Аш адам ұрысқақ, ақсақ қой тырысқақ.

4-жаттығу. Оқыңыз, сын есімнің жасалу жолын анықтаңыз және орыс тіліне аударыңыз. Сын есімдермен сөйлем құраңыз.

Белгісіз, күшті, күндей, бұлтты, бұлтсыз, тұсыз, таулы, кешкі, жауын-шашынды, аязды, айлы, жауын-шашынсыз, қарлы, түнгі, айсыз.

5-жаттығу. Екінші сыңарын табыңыз.

кәрі	тұщы
жеңіл	жүдеу
жаңа	қысқа
үлкен	тәтті
жақсы	арық
ыстық	түзу
қымбат	ауыр
ұзақ	жалқау
семіз	тентек
қара	аласа
тар	кішкене
биік	суық
қатты	арзан
жуас	ескі
еңбекқор	кең
толық	жұмсақ
ащы	жас

тұзды	жаман
қисық	ақ